

Оңтүстік Қазақстан облысы
Түркістан қаласы
«Шыпан» жалпы орта мектебі

Сайыс

Тақырыбы: Қыз сыны

Мұғалім: Ергешова Сабахат

Тақырыбы: Қыз сыны
Мақсаттары: Алған білімдерін жинақтау, оларды кеңейту
Сыныбы: 5-сынып
Сабақ түрі: сайыс сабақ
Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, мәнерлеп оқу, өнер.
Көрнекіліктер: көктем гүлдері, сайыс шарттары жазылған плакат, шарлар, қанатты сөздер, ТСО.

Сабақ барысы:

Музыка ойнап тұрады.

Сыныпқа бір бала жүгіріп кіреді:

Алақай, алақай!

Көктем келді.

Біздің жаққа көктем келді!

Жер-Ана:

Армысыңдар, ұлдарым,

Бармысыңдар, қыздарым!

Мен Жер-Ана сендерге Көктем қызыммен келдім.



Көктем-қыз:

Балалар-ау, балалар!

Шақырады далалар.

Көктем келді гүл алып.

Қос білекті сыбанып,

Жүгірейік қуанып.

Жер-Ана: Иә, біздің жерімізге көптен күткен шуақты көктем мезгілі де келіп жетті. Балалар, мен сендерге құр қол келген жоқпын. Сендермен бірге «Қыз сыны» сайысын ала келдім. Енді осы Халықаралық әйелдер күніне арналған сайысымыздың шарты туралы мұғалімдеріңіз түсіндіреді.

Мұғалім: Көктем де келді, жан-жануарларға, табиғатқа тіршілік кірді. Бүгінгі сайысымызда біз аналарымыз, әпке, қарындастарымыз, ақжаулықты әжелеріміз жайлы өлең, ән, нақыл сөздер, көріністер арқылы өз өнерлерімізді баяндаймыз.

Сайыс ережелерімен таныссақ!

1. Сәлемдесу (Өзін таныстыру, ана туралы өлеңдер айту)
2. Бүктеме
3. Өнер (ән, би, көрініс т.б.)
4. Сұрақ-жауап (ситуациялық сұрақ-жауап)
5. Қыздар асханада (түрлі тағамдар дайындау әдістерін көрсету)
6. Қолөнері (тіккіен, тоқыған заттарын түсіндіріп беру)

Әділ-қазылар алқасын сайлау:

Әділ-қазылар орнықтырар әділдікті,
Кімдердің де жауаптары кәдік шықты.
Сұлулар мен тапқырлардың сайысында.
Жеңіске жетер деймін нағыз мықты.

Қатысушылармен таныстыру:

Мың бұралған перілер жайлап басып,
Келеді ортамызға толқып-тасып.
Сұлуларын сыйлаған халқым менің,
Көңілді қошаметпен қарсы алайық!

5-«Б»сынып қыздары арасындағы сайысымызды бастасақ.

Жүргізуші: Сәлем, апам Алтын күн!

Сәлем қасиетті Жер-Анам
Айтылады көктем табиғат

Мерекені жырлаймыз. - дей келе кезекті сәлесдесуге береміз.

Бүктемелерді көру, бағалау.

Өнердің нәр береді, шапағаты
Әркімнің өнерге бар махаббаты,
Талпынып, ал кәнекей, шығындаршы
Қонақтар қошаметпен қол соғады. – дегендей,
кезекті өнерге берсек.

Жүргізуші:

Бойларыңда от бар екен түсіндім,
Жүректерде шоқ бар екен түсіндім.
Бар уақытта осы шоқты өшірмей
Алаулатып, жарқыратып жүріңдерші әрқашан – дей
келе кезекті сұрақ-жауапқа беріп өтсек.

Қыздарға ситуациялық сұрақтар қойылады, қатысушылар сол сұрақтарға жауап береді.

Жүргізуші:

Арулар – асыл жандар!
Шуақ боп – шашылғандар,
Қуат боп тасығандар,
Құшақ боп ашылғандар,
Арулар – асыл жандар!
Арулар – асыл жандар!
Арулар – алушылар, ардақтылар,
Өмірдің жылуы боп қалмақ бұлар.
Арулар – тіршілікте күре тамыр,
Өмірді бір-біріне жалғап тұрар.
Кезек қыздарға беріледі және олардың дәмді тағамдар дайындауына куә боламыз.

«Өнерлі өрге жүзер» деп бекер айтпаған дана халқымыз. Ендігі соңғы кезегіміз «Қолөнері» сайысы. Қыздарымыз шеберлігін байқасақ.



Әділ-қазылар жеңімпаздарды анықтайды.

Арулар марапатталады.

Жер-Ана: Тамаша, қыздарымыз, көп біледі екенсіңдер. Аналарыңыздың мерекесі құтты болсын!

Көктем-қыз: Туған жерім!

Сенсіз маған таң атпайды ешқандай

Сағынышым бір өзіңе аспандай.

Мерекелеріңіз құтты болсын!

Мұғалім: Осымен 8-наурыз Әйелдер мерекесіне арналған «Қыз сыны» сайысымыз шарықтау шегіне де жетті. Келіп тамашалағандарыңыз үшін үлкен рахмет.

Сыныптан тыс жұмыстың нәтижесі:

- ✓ *Ой-өрісі артады.*
- ✓ *Сөйлеу тілі дамиды.*
- ✓ *Сөздік қоры молаяды.*
- ✓ *Дербес жұмыс істеуге үйренеді.*
- ✓ *Көзбек көру арқылы есте сақтау қабілеті артады.*
- ✓ *Шығармашылық жұмыс істеуге үйренеді.*